

"Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 22 шілдедегі № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 23 шілдеде № 34789 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10702 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:"

Жолдамаларды беру қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жолдаманың қолданылу мерзімін аңшылық шаруашылығы субъектісі Заңның 9-бабы 1-тармағының 57) тармақшасына сәйкес бекітілетін аң аулау қағидалары бойынша белгілейді.

Киікке әуесқойлық (спорттық) аң аулауға берілген жолдаманың қолданылу мерзімі күнтізбелік 3 (үш) күнді құрайды.";

8-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аңшылық алқаптарда бір мезгілде аңшылық шаруашылығының ішкі регламентіне сәйкес аңшылық алқаптардың өткізу қабілетімен айқындалған аңшылардың барынша шекті мөлшері болған жағдайларда бас тартылады."

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі

департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі*

Е. Нысанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК